

Г.Т. КУНАФИНА, А.С. БУХАТОВА

***Г.МЭНКЬЮ МЕН Т.МАРКТЫҢ «ЭКОНОМИКС»
ОҚУЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ***

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Д.СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г.Т. Кунафина, А.С. Бухатова

**«Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы: «Жаңа гуманитарлық
білім: Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде әзірленген
Грегори Мэнкью мен Тейлор Марктың «Экономикс» оқулығын Бизнес
және кәсіпкерлік мектебінің 5B050600-Экономика, 5B050700 -
Менеджмент, 5B050800 - Есеп және аудит, 5B050900 -Қаржы, 5B051100 -
Маркетинг мамандықтарына пайдалануға арналған
әдістемелік нұсқау**

Өскемен
2018

Кунафина Г.Т., Бухатова А.С. Бизнес және кәсіпкерлік мектебінің 5B050600-Экономика, 5B050700- Менеджмент, 5B050800-Есеп және аудит, 5B050900-Қаржы, 5B051100-Маркетинг мамандықтарына «Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы: «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде әзірленген Грегори Мэнкью мен Тейлор Марктың «Экономикс» оқулығын пайдалануға арналған әдістемелік нұсқау. 05.10.2018 ж. – Өскемен: ШҚМТУ, 2018. – 18 бет.

Әдістемелік нұсқауда Грегори Мэнкью мен Тейлор Марктың «Экономикс» оқулығын пайдалануға арналған нұсқаулықтар берілген. Әрбір тарауға қысқаша түсіндірмелер беріліп, оқулықтың оқу үрдісіндегі орны, мақсаттары мен міндеттері айқындалған.

Әдістемелік нұсқаулар «Инженерлік кәсіпкерлік» кафедрасының әдістемелік семинарында қаралып, мақұлданды
31.08.2018 ж. №1 хаттама

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандары да ауадай қажет екенін айтты.

Тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды.

Осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі тетік ретінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынған болатын.

Грегори Мэнкьюдің «Экономикс» оқулығының халықаралық төртінші басылымы – АҚШ бакалавриатында ең көп оқылатын экономика оқулықтарының әлем нарығындағы бүгінгі талаптарға бейімделген нұсқасы.

Кітап авторларының басты мақсаты – оқырманды экономист тұрғысынан ойлауға үйрету.

Оқулық 15 бөлімнен тұрады, әрбір тарауда қысқаша дәрістер берілген, сонымен қатар практикалық тапсырмалар мен нақты кәсіпорындар негізінде оқытуға қажет тапсырма, сызба, сурет, кесте, кейстер түрінде рәсімделген.

1 ОҚУЛЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ, ОНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОРНЫ

1.1 Зерделенетін оқулықтың қысқаша мазмұны

«Экономистің» төртінші рет толықтырылып басылып шығуы пәннің дамып келе жатқанын көрсетеді. Экономикалық дағдарыс кезінде ауыр сынға ұшыраса да, экономика ғылымы қарқынды дамып келеді. Ұлыбританиядағы және Еуропаның барлық елдеріндегі мамандар арасында пәннің болашағы қандай болуы керек, бакалавриат деңгейінде жаңа білім беруді қалай дамыту керектігі туралы жан-жақты пікірталастарды да ескеріп, үн қосуға ұмтылады.

Бұл басылым – АҚШ бакалавриатында ең кең тараған Грегори Мэнкьюдің «Экономикс» оқулығының басқа елдердің студенттеріне арнап бейімделген нұсқасы.

Кітап авторлары тартымды, талғампаз стилді сақтай отырып, «Экономиксті» жаңаша оқытуға ұмтылыс жасаған. Мысалдар, кейістер мен мақалалар мәтіндегі теорияны қосымша контекспен қамтамасыз етеді.

1.2 Оқулықты зерделеу мақсаты мен міндеттері

Экономикалық мамандықтардың модульдік білім беру бағдарламаларының жалпы мақсаттарына сай, осы пәнді оқытудың негізгі мақсаты – болашақ мамандардың экономикалық мәселелерді белсенді түрде талдай білуге, экономика жағдайын ойлау қабілетін, экономика туралы білімділік ой-өрістерін кеңейтіп, осыған байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыру болып табылады.

Экономиксті оқыту міндеттері:

- экономикалық негізгі түсініктер және категориялар туралы білім беру;
- студенттерді экономикалық теорияның қағидалары және тәсілдерімен таныстыру;
- микро- макроэкономикалық агенттер, көрсеткіштер және үлгілер туралы жүйелік ұғынуды дамыту;
- алған білімдерін шаруашылық іс-әрекеттерін жүргізу кезінде шешім қабылдауда дағдысын қалыптастыру;
- мемлекеттің макроэкономикалық жағдайы туралы талдау жасауды үйрету;
- рыноктың кемшіліктері мен онымен мемлекеттік күрес нәтижесін бағалай білуге үйрену.

1.3 Оқулықты зерделеу нәтижелері

Оқу нәтижелері тиісті білім беру деңгейінің Дублин дескрипторлары негізінде анықталады және құзыреттіліктер арқылы белгіленеді. Сонда бес басты оқу нәтижесі айкындалады:

Білу және түсіну:

- экономиканың қызмет етуінің іргелі мәселелерін, экономикалық ғылымның даму бағыттарын;
- қоғамның экономикалық даму заңдылықтарын: әртүрлі типтегі экономикалық жүйелер шеңберінде негізгі экономикалық мәселелерді шешу қабілетін;
- жеке ұдайы өндіріс заңдылықтарын;
- ұлттық экономика деңгейіндегі ұдайы өндіріс;
- экономикалық дамуды сипаттайтын негізгі ұғымдар, санаттар (категориялар) мен заңдылықтар бойынша студенттердің жан-жақты ұғымын қалыптастыру;
- экономикалық кез келген сферсында қолданылатын талдау әдіс-тәсілдерін зерттеу құралдарын өз бетімен пайдалану үшін студенттерді зерттеу әдіснамасымен құралдандыру.
- рыноктың кемшіліктері мен онымен мемлекеттік күрес нәтижесін түсіну, бағалай білу.

Білім мен ұғымды қолдану:

- экономикалық жағдайларды талдау үшін экономикалық модельдерді қолдану, мемлекеттің экономикалық саясатын болжау және білу;
- отандық және шетелдік экономикалық ойлардың дамуын жеке бағалай білу, шаруашылық саясатының альтернативалық нұсқаларын дайындау;
- экономикалық ақпаратты жинау және талдау.

Пайымдауды қалыптастыру:

- микродеңгейде фирма, нарық, салалардың жұмыс жасауы мен үй шаруашылықтары-ның іс- әрекетін, макродеңгейде ұлттық экономика дамуын болжай білу.

Коммуникативтік қабілеттілік:

- топта жұмыс жасауға қажетті коммуникативтілік қабілеттілікті дамыту.

Оқыту дағдылары немесе сабаққа қабілеттілігі:

- тәжірибелік қызметте шынайы экономикалық заңдардың талаптарын ескере білу;
- экономикалық модельдер құру;
- рационалдылық шаруашылықтың әдістерін жасау және экономикалық таңдау жасау;
- қоғамдық дамудың перспективалары мен ғылыми болжамдарын жасау.
- экономикалық теорияның қағидалы және тәсілдерімен танысу арқылы алған білімдерін шаруашылық іс-әрекеттерін жүргізу кезінде шешім қабылдауда дағдысын қалыптастыру, зерттеу нәтижелері бойынша қажетті қорытындылар жасау.

2 ОҚУЛЫҚТЫҢ МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ. ЭКОНОМИКСКЕ КІРІСПЕ

1 дәріс. Экономикс деген не? Экономист сияқты ойлау.

Экономика және экономикалық жүйелер. Адамдар қалай шешім қабылдайды? Адамдар қалай қарым-қатынас жасайды? Жалпы экономика қалай құрылған? Экономист ғалым ретінде. Экономист саяси кеңесші ретінде. Экономист неге келіспейді. Экономисттер шешім қабылдаушы ретінде.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Қоғам бетпе-бет келетін үш мәселені атаңыз.
- 2 Капиталистік экономикалық жүйенің негізгі сипаттарын атаңыз.
- 3 Түрлі таңдау арасында ымыраға келуге мысал келтіріңіз.
- 4 Тамақтану үшін мейрамханаға барудың балама шығыны қандай?
- 5 Су – өмір нәрі. Бір стақан судың шекті пайдалылығы аз ба, көп пе?
- 6 Саясат жасаушылар ынталандыру шараларын не үшін іске қосады?
- 7 Мамандану мен сауда өмір сүру стандартын қалай көтереді?
- 8 Нарықтық сәтсіздіктің екі негізгі себебін атап, әрқайсысына мысал келтіріңіз.
- 9 Өнімділіктің маңыздылығы неде?
- 10 Инфляция мен жұмыссыздық қысқа мерзімде қалай байланысады?

2-БӨЛІМ. СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫС –НАРЫҚТЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ

2 дәріс. Сұраныс пен ұсыныстың нарықтық күші.

Икемділік және оның қолданылуы. Сұраныстың алғышарттары: тұтынушы таңдауы. Ұсыныстың алғышарттары: бәсекелі нарықтағы фирмалар.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Бәсекелі нарық дегеніміз не? Бәсекелі нарықтардан өзге нарық түрлерін қысқаша сипаттап беріңіз.
- 2 Сатып алушылар сатып алғысы келетін сұраныс көлемін не анықтайды?
- 3 Сұраныс кестесі мен сұраныс қисығы дегеніміз не және олар қалай байланысқан? Сұраныс қисығы не себепті төмен көлбеу?
- 4 Тұтынушылар талғамындағы өзгеріс сұраныс қисығы бойымен жылжи ма немесе сұраныс қисығын ауытқыта ма?
- 5 Франкиннің табысы азайды, нәтежесінде ол орамжапырақты көбірек сатып ала бастады? Орамжапырақ сапасы төмен өнім бе әлде қалыпты өнім бе? Франкиннің орамжапыраққа сұраныс қисығы қалай өзгереді?
- 6 Сатушылардың ұсыныс көлемін не анықтайды?

7 Ұсыныс кестесі мен ұсыныс қисығы дегеніміз не және олар қалай байланысқан? Ұсыныс қисығы не себепті жоғары көлбеу?

3-БӨЛІМ.НАРЫҚТАР,ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

2 дәріс. Тұтынушылар , өндірушілер және нарық тиімділігі.

Тұтынушы ұтысы. Өндіруші ұтысы. Нарық тиімділігі. Ұсыныс , сұраныс және мемлекеттік саясат. Бағаны бақылау. Салықтар. Субсидиялар.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Ресурстарды бөлу тиімділігі деген термин нені білдіреді?
- 2 Әл – ауқат экономикасы дегеніміз не?
- 3 Сатып алушының сатып алу қабілеті, тұтынушы артықшылығы, сұраныс қисығы түсініктері бір-бірімен қалай байланысты?
- 4 Сатушылардың бағасы, өндірушілердің артықшылығы, ұсыныс қисығының арасында қандай байланыс бар?
- 5 Нарықтың тепе-теңдік жағдайында өндіруші мен тұтынушының артықшылығын көрсететін ұсыныс пен сұраныс диаграммасын құрыңыз.
- 6 Жалға алу төлемін бақылауда неге сыни пікірлер туады және ол сындарды жаңа зерттеулерде қайта қарау қажеттілігі бар ма? Түсіндіріңіз.
- 7 Жоғары сұраныс икемділігі бар тауарға салынатын салық нарықтық тепе – теңдікке қалай әсер етеді? Бұл жағдайда салықтың көп бөлігі кімге түседі?
- 8 Субсидия сатып алушы мен сатушы бағасына , сатып алынған және сатылған көлемге жақсы әсер ете ме?
- 9 Салық жүктемесі немесе субсидиялар сатып алушы мен сатушы арасында қалай бөлінеді? Неліктен?
- 10 Субсидия артықшылығы құннан асып түссе экономист оны қалай шешеді?

4-БӨЛІМ . ҚОҒАМДЫҚ СЕКТОР ЭКОНОМИКАСЫ

3 дәріс. Салық жүйесі.

Салық және тиімділік. Салықтың қайтымсыз шығыны. Әкімшілік ауыртпалық. Салық жүйесінің құрылымы. Салықтар және әділдік.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Үкіметтің салық жинауының екі себебі қандай?
- 2 Салық салынған тауар сатылғанда, тұтынушы мен өндіруші ұтысы қалай өзгереді? Тұтынушы мен өндіруші ұтысы салық түсімдерімен салыстырғанда қалай өзгереді?Түсіндіріңіз
- 3 Тауар сатылғандағы салықтың ұсыныс және сұраныс диаграммасын сызыңыз. Қайтымсыз шығынды көрсетіңіз. Салықтық түсімдерді көрсетіңіз.
- 4 Сұраныс пен ұсыныс йкемділігі, салықтан болатын қайтымсыз шығынға қалай әсер етеді? Олардың әсері қалай көрінеді.
- 5 Салықтарды жоғарлатқанда салық түсімдері мен қайтымсыз шығында қандай өзгерістер болады?
- 6 Салық салудың төрт заңы бойынша не айта аласыз?
- 7 Корпаратив табысқа қалай екі рет салық салынатынын түсіндіріңіз?

8 Неге үкіметтің алатын табысына қарағда, салық төлеушінің ауыртпалығы жоғары?

9 Бай салық төлеуші, кедей салық төлеушіге қарағанда неліктен жоғары салық төлеуге тиіс екеніне екі дәлел келтіріңіз

10 Горизонталь әділік тұжырымдамасы қандай және оны қолдау неліктен қиын?

5-БӨЛІМ. ТИІМСІЗ НАРЫҚТЫҚ АССИГНАЦИЯ

4 дәріс. Қоғамдық игіліктер, ортақ ресурстар және әлеуметтік маңызды тауарлар. Нарық сәтсіздігі және сыртқы салдар. Ақпарат және мінез-құлық экономикасы.

Тауар түрлері. Қоғамдық игіліктер. Ортақ ресурстар. Әлеуметтік маңызды тауарлар. Нарық сәтсіздігі. Сыртқы салдар. Сыртқы салдар және нарық тиімсіздігі. Сыртқы салдарға қатысты жеке шешімдер. Сыртқы салдарға қатысты мемлекеттік саясат. Сыртқы салдар мәселелер шешудегі мемлекеттік /жеке саясаттар. Үкімет сәтсіздігі. Принципиал және агент. Ассиметриялы ақпарат. Стандарт экономикалық модельден ауытқу.

Қарастырылатын сұрақтар:

1 Мемлекеттік және жеке сектор арасындағы айырмашылық неде? Әрқайсысы ұсынатын тауарлар мен қызметтерге мысал келтіріңіз.

2 «Ерекше игілік» деген не екендігін түсіндіріңіз. Ерекше сипаттамасын көрсететін үш тауар мысалын келтіріңіз.

3 «Бәсеке нысаны» деген не екендігін түсіндіріңіз. Тұтынудағы бәсеке сипаттамасын көрсететін үш тауар мысалын келтіріңіз.

4 Қоғамдық игілік деген не және мысал келтіріңіз. Жеке нарық осы тауармен қамтамасыз ете ала ма? Түсіндіріңіз.

5 Қоғамдық игіліктер билетсіздер мәселесіне қалай алып келетінін түсіндіріңіз. Жауапты дәлелдеу үшін мысал келтіріңіз.

6 Қоғамдық игіліктердің шығыны мен кірісін талдау дегеніміз не? Оның маңыздылығы неде? Қоғамдық игіліктерді ұсынудан түсетін пайда мен оның шығынын толық сандық бағалау неліктен қиын?

7 Ортақ ресурсты анықтаңыз және оған мысал келтіріңіз. Үкіметтің араласуынсыз адамдар оны қалай пайдаланады? Неліктен?

8 Шекті әлеуметтік пайданың қисығы қандай? Қоғамдық игіліктің тиімді ұсынылуын қалай есептеуге болады?

9 Әлеуметтік маңызды тауардың толық пайдаланбауы неден болады?

10 Үкімет кемшіліктері бар тауарды артық пайдаланудың алдын алу үшін қандай шара қолдана алады?

6-БӨЛІМ. ФИРМА МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ЖӘНЕ НАРЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

5 дәріс. Фирмалардың өндірістік шешімдері. Нарықтық құрылым: Монополия. Нарықтық құрылым: Олигополия.

Изокванттар мен изокастар. Ең кіші шығындары бар кірістер үйлесімі. Жетілмеген бәсеке. Монополия қалай пайда болады. Монополиялар өндірістік және баға белгілеу шешімдерін қалай қабылдайды. Монополиялардың ұлттық әл-ауқатқа әсері. Баға дискриминациясы.

Монополияға қатысты мемлекеттік саясат. Нарықтық құрылым: Монополистік бәсеке. Әртараптандырылған өнімдер бәсекесі. Жарнама және брендинг. Бәсекелі нарықтар.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Фирма алдында тұрған шектеулі тиімді ету мәселесі деген не?
- 2 Капитал, еңбек және жер сыйымдылығы жоғары өндірістер арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз және әрбір жағдай үшін осы принциптерді бейнелейтін мысалдар келтіріңіз.
- 3 Өндіріс изокванты дегеніміз не?
- 4 Техникалық орын басудың шекті нормасы дегеніміз не?
- 5 Изокост қисығы дегеніміз не?
- 6 Монополиялық биліктің негізгі көздері қандай?
- 7 Үкімет құрған монополияға мысал келтіріңіз. Монополияның мұндай түрі «нашар» мемлекеттік саясатты туғыза ма? Түсіндіріңіз.
- 8 Табиғи монополияны түсіндіріңіз. Сала табиғи монополия болуы немесе болмауындағы тәуелсіз нарық көлемі қандай?
- 9 Монополистің шекті пайдасы неліктен тауар бағасынан төмен? Шекті пайда теріс болуы мүмкін бе? Түсіндіріңіз.
- 10 Монополистің тауарына сұраныс, оның шекті шығындары мен шекті пайдасының қисықтарын салыңыз. Пайдалылықтың максимал деңгейін көрсетіңіз. Максимал бағаны көрсетіңіз.

7-БӨЛІМ. НАРЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

6 дәріс. Нарық факторлары экономикасы.

Шекті өнімді бөлу теориясы. Еңбекке сұраныс. Еңбек ұсынысы. Еңбек нарығындағы тепе-теңдік. Еңбек нарығы туралы басқа теориялар. Маркстік еңбек теориясы. Феминистік экономика және еңбек нарығы. Монополия. Еңбекақыны дифференциалдау. Дискриминация экономикасы. Өндірістің басқа да факторлары :жер және капитал. Экономикалық рента.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Фирманың өндіріс функциясы еңбектің шекті өнімімен, фирманың шекті еңбек өнімі оның құнымен және шекті өнімнің фирмалық құны оның еңбекке деген сұранысымен байланысты екенін түсіндіріңіз.
- 2 Еңбек сұранысты өзгерте алатын оқиғалардың екі мысалын және еңбек ұсынысының ауысуына мүмкін екі мысал келтіріңіз.
- 3 Бір мезгілде еңбектің шекті өнім құнын теңестіру кезінде еңбек ұсынысы мен сұранысына тепе-теңдікті теңестіру үшін жалақы қалай өзгертетінін түсіндіріңіз.
- 4 Норвегия тұрғындары үлкен иммиграцияға байланысты кенеттен өссе, жалақыдан не күтесіз? Жер және капитал иелері тапқан жалгерлік төлемдер не болады?
- 5 Солтүстік теңізде мұнай қондырғыларын бағалайтын теңізге сүңгушілер ұқсас білімі бар басқа қызметкерлерден неге көп жалақы алады?

6 Қосымша құн идеясын түсіндіріңіз және бұл идея неге жалақы ставкасы туралы, неоклассикалық түсіндірмелерге қарамастан, жұмысшылардың өз еңбегінің толық құнын алмайтынын білдіреді.

7 Феминист-экономистер еңбек нарығындағы «негізгі ағым» теориясына қарсы қандай сын-ескертулер жасады?

8 Жұмысшы жалақысы сұраныс пен ұстынысты теңестіретін деңгейден жоғары болуы мүмкіндігінің үш себебін келтіріңіз.

9 Жұмысшылар тобының кемсітуге байланысты төменгі жалақы алатынын анықтаған кезде қандай қиындықтар туындайды?

10 Бәсекеге қабілетті нарықта кемсitudiң сақталуы туралы мысал келтіріңіз.

8-БӨЛІМ. ТЕҢСІЗДІК

7 дәріс. Табыс теңсіздігі және кедейлік.

Теңсіздікті өлшеу. Табысты қайта бөлудің саяси философиясы.

Кедейлікпен күреске бағытталған саясаттар

Қарастырылатын сұрақтар:

1 «Табыс теңсіздігі» және «табыс теңдігі» терминдері нені білдіреді?

2 Лоренц қисығын және оның нені көрсететінін түсіндіріңіз.

3 Джини коэффициенті қалай есептеледі және ол нені көрсетеді?

4 Әлемнің басқа мемлекеттерімен салыстырғандағы өз мемлекетіңіздегі табыс теңсіздігінің деңгейі қандай?

5 Кедейлік салыстырмалы ұғым дегенді қалай түсінесіз?

6 Абсолют және салыстырмалы кедейлік арасынағы айырмашылықтар қандай?

7 Теңсіздік мөлшерін бағалаған уақытта уақытша табыс және өмірлік циклдегі өзгерістер неліктен қиындықтар тудырады?

8 Утилитариандықтар, либералдар мен либертариандықтардың анықтауы бойынша теңсіздіктің қалыпты мөлшері қандай?

9 Натурал формадағы трансфер төлемдердің ақшалай көмекке қарағандағы артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

10 Кедейлікпен күреске бағытталған бағдарламалар кедей халықтың жұмыс істеуге деген ынтасын қалай төмендететінін немесе жоятынын түсіндіріп беріңіз. Бұл тежеуші факторларды қалайша азайтуға болады?

9-БӨЛІМ. САУДА. МАКРОЭКОНОМИКАҒА КІРІСПЕ

8 дәріс. Өзара тәуелділік және саудадан түсетін пайда.

Өндірістік мүмкіндіктер шегі. Халықаралық сауда. Салыстырмалы артықшылық принципі. Сауда факторлары. Саудадан ұтатындар мен ұтылатындар. Саудадағы шектеулер. Салыстырмалы артықшылықтар теориясын сынау. Нарыққа дейінгі әлем. Классикалық экономика. Маркстік экономика. Аустриялық мектеп. Кейнстік мектеп. Монетаризм. Феминистік экономика.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Тек компьютер мен бидай шығаратын ел үшін ӨМҚ сызыңыз. ӨМҚ пішіні мен позициясы не анықтайды? Шығыны түрлі комбинацияларын көрсететін шығыс белгілер сызбасын пайдаланыңыз.
- 2 Халықаралық саудасыз ішкі баға ұлттық салыстырмалы артықшылық туралы не көрсете алады?
- 3 Балама және салыстырмалы артықшылық қалай өзгешеленеді, түсіндіріңіз.
- 4 Екі ел бірдей өндіре алатын тауар өндірумен байланысты жүктелген шығын коэффициенті бірдей болса, олар (екі ел) саудадан ұта ма? Түсіндіріңіз.
- 5 Ел қай уақытта тауар экспорттаушы бола алады? Импорттаушы ше?
- 6 Жыл сайын мыңдаған туристер еуропалық қалаларға барады. Туризм елге импорттау ма немесе сыртқа экспорттау ма? Түсіндіріңіз.
- 7 Импорттаушы ел үшін сұраныс пен ұсыныс диаграммасын сызыңыз. Тұтынушы мен өндіруші ұтысына саудаға дейін рұқсат етілген бе? Тұтынушы және өндіруші ұтысы еркін сауда кезінде не болады? Жиынтық ұтыс өзгерісі дегеніміз не?
- 8 Тарифтің қандай екенін және оның экономикалық әсерлерін сипаттаңыз. Импорт квотасы дегеніміз не? Оның экономикалық әсерлерін тарифтің экономикалық әсерлерімен салыстырыңыз.
- 9 Саудалық шектеуді қолдау үшін жиі қолданатын бес дәлел келтіріңіз. Экономистер бұл дәлелдерге қалай жауап береді?
- 10 Оңтүстік Корея, Қытай және Үндістан сияқты елдерде өте жылдам өсу жылдам өсу байқала ма, олар тауар өндіруде қандай салыстырмалы артықшылығы бар? Түсіндіріңіз.

10-БӨЛІМ. МАКРОЭКОНОМИКА КӨРСЕТКІШТЕРІ

10 дәріс. Ұлттық әл-әуқатты бағалау. Өмір сүру құнының өлшемдері

Экономикадағы табыстар және шығыстар. Жалпы ішкі өнімді өлшеу. ЖІӨ құрамдас бөліктері. Нақты және номинал ЖІӨ. Әл-Ауқатты өлшеудегі ЖІӨ шектеулілігі. ЖІӨ мен өмір тсүру сапасының арасындағы халықаралық айырмашылықтар. Тұтыну бағасының индексі. Инфляция әсерлері үшін экономикалық айнымалыларды түзету

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Экономикада табыстар неге шығындарға тең болуы керек екенін түсіндіріңіз
- 2 «жан басына шаққандағы» ЖІӨ термині нені білдіреді және ол қалай өлшенеді?
- 3 ЖІӨ-ге қайсысы көп үлес қосады – эконо́м – класты автомобиль өндірісі ме, әлде лю́кс класты автомобиль өндірісі ме? Неге?
- 4 Фермер наубайға бидайды 2€ сатады. Наубай бидайды нан пісіруде пайдаланады. Ол нанды 3€сатады. Осы операциялардың ЖІӨ –ге қосатын жалпы ортақ үлесі қандай?
- 5 Көптеген жыл бұрын Джаманда винилді пластинка кклециясын жинау үшін 500€төлеген. Бүгінде ол өз альбомдарын кара базарда 100€ сатқан. Бұл сату ЖІӨ – нің ағымдылығына әсері қандай?

6 ЖІӨ – нің төрт компонентінің тізімі. Олардың әр қайсысына мысал келтіріңіз

7 Экономикалық әл-ауқатты өлшеу үшін экономистер номинал ЖІӨ- ні емес, нақты ЖІӨ –ні неге қолданады?

8 2017 жылы экономикада 100бөлше нан өндіріледі және олардың әр бірі 2€сатылады. 2018 жылы экономикада 200бөлше нан өндіріледі де, олардың әр бірі 3 € сатылады. Әр жыл үшін номинал , нақты ЖІӨ және ЖІӨ дефляторын есептеңіз (2017 жылды базалық негізгі жыл ретінде пайдаланыңыз). Жыл сайынғы осы үш статистикалық санның пайыздық өсуі қандай?

9 ЖІӨ–нің елдің әл – ауқат көрсеткіші ретінде қолданудағы шектеулер қандай?

10 Әл–ауқаттың субъектив және объектив есептерінің арасындағы айырмашылық неде және оның өлшемін толық беретін есеп болуы үшін не істеу керек?

11-БӨЛІМ. ҰЗАҚ МЕРЗІМДЕГІ НАҚТЫ ЭКОНОМИКА

11дәріс. Өндіріс және өсу. Жұмыссыздық.

Дүние жүзіндегі экономикалық өсу. Өсу теориясы. Өнімділік. Экономикалық өсу факторлары. Өсу себептері. Эндоген өсу теориясы. Экономикалық өсу және мемлекеттік саясат. Жұмыссыздықты анықтау. Жұмыссыздық себептері. Жұмыссыздықтың табиғи көрсеткіші. Маркс және жұмыссыздардың резервтік әскері. Жұмыссыздық құны

Қарастырылатын сұрақтар:

1 Елдің ЖІӨ деңгейі немен өлшенеді? ЖІӨ өсу жылдамдығы қандай? ЖІӨ деңгейі жоғары және өсу қарқыны төмен елде тұрғыныз келе ме немесе ЖІӨ деңгейі төмен және өсу қарқыны жоғары елде тұруды қалайсыз ба?

2 Өнімділіктің төрт дитерминатын атаңыз және сипаттаңыз.

3 Университет дипломы қалай капитал формасына айнала алады?

4 Жинақтардың неғұрлым жоғары деңгейі уақытша немесе мерзімсіз өсуді ұлғайта ма?

5 Халық санының өсуі тұрақты деп алсақ, капитал жинақтарын өсуінің экономикалық өсуге тигізетін салдары қандай?Капитал салымдарын ұлғайту есебінен,елде тұрақты өсуді қамтамасыз етуге бола ма?

6 Стационар тепе-тендік қандай болады?

7 Техникалық прогрес кез келген экономикада өсу қарқындарынарттыру үшін неліктен маңызды?

8 Тариф қою сияқты сауда шектеулерін жою неліктен жылдам экономикалық өсуге әкеледі?

9 Халық санының өсу жылдамдығы жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейіне қалай әсер етеді?

10 Үкімет технологиялық білім саласындағы жетістіктерді қандай екі тәсілмен ынталандырады?

12-БӨЛІМ. ҰЗАҚ МЕРЗІМДЕГІ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ, АҚША ЖӘНЕ БАҒА

12 дәріс. Жинақ , инвестиция және қаржы жүйесі. Негізгі қаржы құралдары. Қаржы нарығы мәселері. Монотарлық жүйе. Ақшаның көбеюі және инфляция.

Экономикадағы қаржы институттары. Ұлттық табыс шоттарындағы жинақтар мен инвестициялар. Қарыз капитал нарығы. Бастапқы құн: ақшаның уақыттық құнының өлшемі. Тәуекелді басқару. Активтерді бағалау. Дағдарыс себептері. Тиімді нарық гипотезасы. Ақшаның мәні. Орталық банк рөлі. Еуролпалық Орталық банк және Еуро-жүйе. Англия банкі. Банк және ақша ұсынысы. Орталық банктің монетарлық бақылау құралдары. Инфляция дегеніміз не? Инфляцияның классикалық теориясы. Инфляциялық шығын. Дефляция.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Қаржы жүйесінің қандай рөлі?
- 2 Сіз оқитын елдегі экономикадағы қаржы жүйесінің бөлігі болып табылатын екі нарықты сипаттаңыз
- 3 Қаржы делдалы деген кім Екі қаржы делдалын сипаттаңыз
- 4 Акциялар мен облигациялары бар адамдар үшін активтерін әртараптандыру нәтижесі маңызды Қаржы институттарының қайсысы активтерді әртараптандыруды оңтайландырады ?
- 5 Ұлттық жинақ дегеніміз не? Жеке жинақ деген не Қоғамдық жинақ деген не? Үш айнымалы өзара қалай байланысады?
- 6 Кепілдендірілген ұарыз облигация дегеніміз не ?
- 7 Несиелі дефолт своптары облигацияларды сатып алумен байланысты тәуекелді төмендетуге қалай көмектеседі ?
- 8 Инвестиция деген не? Ұлттық жинақпен байланысы қандай ?
- 9 Жеке жинақты арттыра алатын салық жүйесінің өзгерісін сипаттаңыз . Бұл саясат қарызға берілетін қаржы нарығына қалай әсер етеді?
- 10 Мемлекеттік бюджет дефициті деген не? Ол пайыздық мөлшерлемеге, инвестицияға және экономикалық өсуге қалай әсер етеді?

13-БӨЛІМ. АШЫҚ ЭКОНОМИКА МАКРОЭКОНОМИКАСЫ

13 дәріс. Ашық экономика макроэкономикасы : негізгі концепциялар. Ашық экономика макроэкономикалық теориясы.

Тауар мен капиталдың халықаралық ағындары. Халықаралық транзакциялар бағалары: нақты және номинал айырбас бағамдары. Айырбас бағамын бекітудің бірінші теориясы: сатып алу қабілеті паритеті. Қарыз қаражаты және шетел валютасын айырбастау нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныс. Ашық экономикадағы тепе-теңдік. Саясат және оқиғалар ашық экономикаға қалай әсер етеді.

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Не себепті экономистер кейде жабық экономика жағдайында талдау жасайды?
- 2 «Ашық экономика» тұжырымын қалай түсінесіз?

- 3 Британдық азамат тау шаңғысы демалысына бару үшін Франция Альпіне барса, бұл Франция импорты ма әлде экспорты ма?
- 4 Сыртқы сауда дефициті деген не және не себепті маңызды?
- 5 Таза экспорт пен сыртқа кететін таза капитал ағынын анықтаңыз. Олар қалай және неге байланысты?
- 6 Не себепті бюджет және сыртқы сауда дефицитін кейде қос тапшылық деп атайды
- 7 Сыртқы сауда саясаты деген не ?
- 8 Болат жұмысшылар кәсіподағы тек еуропалық болатты сатып алуға экономикалық субъектілерді ынталандырады делік. Бұл саясат Еуропаның жалпы сауда балансына және айырбас бағамына қалай әсер етеді? Еуропа болат неркәсібіне ықпалы қандай? Еуропа тоқыма өнеркәсібіне ықпалы қандай?
- 9 Нақты айырбас бағамына тарифтің ықпалы қандай?
- 10 Капитал қашуы деген не? Елде капитал қашуы орын алғанда, ол пайыздық мөлшерлеме және нақты айырбас бағамына қалай әсер етеді?

14-БӨЛІМ. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРБЕЛІСТЕР

14 дәріс. Экономикалық циклдер. Кейнсиандық экономика және IS-LM талдау. Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс. Монетарлық және фискалдық саясаттың жиынтық сұранысқа ықпалы. Қысқа мерзімді кезінде инфляция мен жұмыссыздық арасындағы таңдау. Ұсыныс тарапынан жүргізілетін саясат

Трендтік өсу қарқындары.

Экономикалық циклдегі өзгерістердің себептері. Экономикалық цикл моделдері. Экономиканың макроэкономикалық моделдері. Кейнс кресті. Мультипликаторлық эффект. IS және LM қисықтары. IS-LM моделіндегі жалпы тепе-теңдік. IS-LM моделінен жиынтық сұранысқа. Экономикалық тербелістер туралы үш негізгі факт. Қысқа мерзімді экономикалық тербелістер түсіндірмесі. Жиынтық сұраныс қисығы. Жиынтық ұсыныс қисығы. Экономикалық тербелістердің екі себебі. Жаңа Кейнсиандық экономика. Монетарлық саясат жиынтық сұранысқа қалай ықпал етеді? Фискалдық саясат жиынтық сұранысқа қалай ықпал етеді? Экономиканы тұрақтандыруда саясатты қолдану. Филлипс қисығы. Филлипс қисығындағы өзгерістер : күту рөлі. Ұзақ мерзімді кезеңдегі вертикаль. Филлипс қисығы – орталық банк тәуелсіздігіне дәйек. Филлипс қисығындағы өзгерістер: ұсыныс шоктарының рөлі. Инфляцияны төмендету шығыны. Инфляциялық таргеттеу. Филлипс қисығына көзқарас. Жиынтық ұсыныс қисығындағы ауытқулар. Ұсыныс тарапынан жүргізілетін саясат

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Уақыт қатары мәліметтері деген не? Оған мысал болатын үш негізгі макроэкономикалық айнымалыны атаңыз.
- 2 Қарапайым экономикалық циклдің негізгі кезеңдері қандай және олардың ұзақтығы қанша?

- 3 Детерминистік тренд пен стохастикалық тренд арасындағы айырмашылық қандай?
- 4 ЖІӨ трендтен жоғары болса, төмендегі айнымалылардың қайсы проциклді, қайсысы контрциклдік болады? Түсіндіріңіз.
- А. Инфляция
- В. Жұмыссыздық
- С. Жұмыспен қамту
- Д. Нақты жалақы
- Е. Номиналды пайызды мөлшері
- 5 Жұмыссыздық «артта қалушы индикаторға» жатады. Бұл нені білдіреді және ол неліктен артта қалушы индикаторға жатқызылады?
- 6 Үй шаруашылықтарының шешімдеріндегі өзгерістер неліктен ЖІӨ трендтен ауытқуына себепкер?
- 7 Үй шаруашылықтары мен фермалар сенімділігінің экономикалық циклдегі рөлі қандай?
- 8 Экономикалық циклдің жаңа классикалық моделіндегі бағанын болжанбаған өзгерістерінің рөлі қандай?
- 9 Нақты экономикалық цикл моделдері мен басқа экономикалық цикл моделдері арасындағы басты ерекшеліктері қандай?
- 10 ДСЖТ моделдерінің қандай?

15-БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАКРОЭКОНОМИКА

15 дәріс. Ортақ валюталық аймақтар және Еуропалық монетарлық одақ. Қаржы дағдарысы және ұлттық қарыз.

Ортақ Еуропалық нарық және еуро. Ортақ валютаның артықшылықтары мен кемшіліктері. Оптимал валюта аймақтары теориясы. Еуропа –оптимал қаржы аймағы ма? Фискалдық саясат және ортақ валюталық аймақтар. Ұлттық қарыз дағдарысы. Қатаң үнемдеу саясаты –тым алысқа ма, тым тез бе?

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1 Валюта одағын құрудың басты артықшылықтары қандай? Басты кемшіліктері қандай?
- 2 Сұрақтағы жауабыңызда атаған артықшылықтар мен кемшіліктер ұзақ әлде қысқамерзімді ме?
- 3 Елдер арасындағы валюталық дискриминацияны төмендету валюта одағын құрудың маңызды артықшылығы ма? Түсіндіріңіз
- 4 Валюта одағының шығындарын азайтатын басты қасиеттерді атаңыз
- 5 Валюта одағының мүше мемлекетінде ассиметриялы ұсыныс шоғы сол елге және валюта одағының басқа мүше мемлекеттеріне қалай әсер етеді?
- 6 Оптимал валюталық аймақ дегеніміз не? ОВА критерийларын атаңыз
- 7 ЕМО оптимал валюталық аймақ па?
- 8 Фискалдық федерализм деген не? Валюта аймағындағы макроэкономикалық реттеу мәселелерін фискалдық федерализм жеңілдете ала ма?

- 9 Валюта одағына мүше мемлекеттер не себепті ұлттық фискалдық саясаттарын жүргізгенде ережелер жинағын қолдануға мәжбүр?
- 10 Фискалдық пакттың басты ерекшеліктері қандай?

ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» мақаласы жарияланғаннан кейін елімізде үлкен рухани қозғалыстар болып жатыр.

Оқулық дегеніміз – ұлттың санасын қалыптастыратын дүние. Әлемнің озық деген оқулықтарын аудару арқылы біз білім, ғылым саласындағы озық ойды жастардың санасына кұйып, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен тең ойлай алатын, бәсекелесе алатын ұлтты қалыптастырамыз.

Грегори Мэнкьюдің «Экономикс» оқулығының халықаралық төртінші басылымы – АҚШ бакалавриатында ең көп оқылатын экономика оқулықтарының әлем нарығындағы бүгінгі талаптарға бейімделген нұсқасы.

Бұл кітап – Мэнкьюдің классикалық еңбегінің бейімделген нұсқасы. Оқулықтың басты артықшылығы – автордың экономиканы оқырман көзқарасымен көрсететінінде.

Зерттеулерде анықталғанындай, бұл оқулық қолдануға өте ыңғайлы және бизнеске бағдар бола алады. Нақтылықпен жазылған мәтін саясат пен экономика теориясын еркін түсіндіреді. 4-басылым толықтай жаңартылды. Кейбір идеяларды, мысалы, Марксизм мен Феминизм теорияларын кеңінен түсіндіру үшін жаңа тақырыптар қосылды. Қаржы нарығы туралы жаңа бөлім қаржы дағдарысы мен оның себептері тақырыбын қамтиды.

Ал соңғы бөлім дағдарыстан кейінгі әлем және жаңа теориялардың пайда болуына қатысты сауалдарға жауап береді.

Экономиканы ғылым ретінде меңгеріп, қызықты экономикалық білім мен гипотезалардың әлеміне кіргісі келетіндер үшін «Economics» оқулығы осы жолда жақсы бастама береді. Дәрістерде экономиканың негізгі тақырыптары мен сұрақтары көрсетілген. Оларды меңгеру тыңдаушыларға экономикалық мәселелерді түсінуге және оларды микроэкономиканың және макроэкономиканың аса нақтыланған курстарын зерттеуге мүмкіндік береді.

«Экономикс» студенттер қауымына ғана емес, Елбасының өзі айтқандай мемлекеттік органдарда қызмет атқаратын, бизнесте жүргендерге, магистранттар мен докторанттардың бәріне таптырмас білім көзі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мэнкью Грегори Н., Тейлор Марк П. «Экономикс», 4-халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018жыл-848 бет.
2. <https://openu.kz>
3. <https://kitap.kz>

